

Хаттама № 1

«Майдантал жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
2022 жылы 07 қыркүйек күні сағ 11:00 де «Баланың бас ұстазы-ата ана»
тақырыбында жалпы ата аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Мектеп-ата ана қарым қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының өзара толықтай іс-қимылын қамтамасыз ету. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, түнде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Қатысушылар : Майдантал ауылдық округі әкімшілігі қызметкері А.Саргелтаев, Әжелер кеңесінің төрайымы Мыңбаева О, Ата аналар комитетінің төрағасы Әйтпенбетов Т Мектеп директоры Рысбаев Қ, ДТЖО Шегенбаев С, Р.Айтова, Педагог психолог Нүрпейіс Р, сынып жетекшілер. Ата-ана - 89, **Барлығы - 110**

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Ата ана комитетімен атқарылған 2022-2023 оқу жылындағы есебі.
2. Ата аналар комитетінің құрамын қайта сайлау және оқу жылының жоспарын бекіту
3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық - зомбылықтың алдын алу.
4. Кезектегі мәселелер

Барысы: Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырудан бастады Ата аналар 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті. Ата аналар тарапынан болған қолдаулар, түрлі сайыстарға атсалысқан ата аналарды атап өтті. Ата аналар комитетінің төрағасы Т.Әйтпенбетов бірлескен жоспар бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады. Бүгінгі кездесу қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәлім тәрбие беруге арналған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, тонау фактілерін айтпағанда, тек педафилизм бойынша (ұятсыздық, зорлық-зомбылық) жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың орын алып жатқаны ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді. Бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Қ.Рысбаевқасөз берілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес ата-аналардың, оқушылардың міндеттерін түсіндіріп, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сабақтан тыс уақытта жауапкершілік ата-ананың мойнында екенін айтып өтті. Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын-алу барысында біршама жұмыстардың атқарылып жатқаны белгілі, әлі де алдын-алу жұмыстары жүргізіле береді. Оқушылардың мектептегі басты мақсаты тәрбие мен білім алу, сабақтан тыс уақытта барлық

жауапкершілік ата-анаға құзыретінде. Алайда ата анамен тығыз байланыста болу сынып жетекшінің міндеті , мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері оқушыларға түнде көшеде жүрмеуін, ата ана қатысуынсыз таулы аймақтарға, суға шомылуға бармауын үнемі ескертіп , түсіндіріп, түсінгендігі туралы қол қойдырып отырады. Елімізде дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар . Өйткені елдің ертенгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету , іздену жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп , бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болу керек. Тәрбие мәселесі қай кездеде оңай болмағанын ойласақ , қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет- деп атап өте отырып , ата анасын алдап мектепке кеттім деп, қылмыс жасау ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден аулақ болуын , мұндай әрекетке барғанда жауапкершілікке тартылатынын ескертті. Тек тәртіп пен білім алуға ұмтылу керек. Педагог-психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева құқықбұзушылықтың алдын алу , бала тәрбиесі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп , ата-аналар оқушыларға тренинг өткізді. Жарыс сөзге шыққан әжелер кеңесінің төрайымы О.Мыңбаева жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ата-аналар балаларына көбірек түсіндіру керектігін, жастар арасындағы құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін мектеп пен тығыз байланыста жұмыс жасау керектігін және ата-аналар жиналысына түгел қатысып, бала тәрбиесінде жауапкершілік болу керек екендігін айтты.

Қорытынды сөзді мектеп директоры Қ.Рысбаев алып , оқушыларға көшеде сақ болуды, жол ережесін қатаң сақтау , көшеде бей уақытта жүрмеуін, демалыс кезінде ата ананың , мұғалімнің қадағалауынсыз серуенге шығуға болмайтынын айта келе мектеп ережесін сақтап тәртіпке бағыну керектігін айтты. Ата аналар комитетінің құрамы : Төраға- Т.Айтпенбетов, мүшелері Д.Абуова, М.Науанов хатшы А.Сәрсенбаева

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата ана комитетімен атқарылған 2022-2023 оқу жылындағы есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Ата аналар комитеті құрамы жоғарыда аталған тізіммен бекітілсін.
3. Оқушылардың тәртібін қадағалау, балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік жасау ата-аналарға ұсынылсын
4. Түнгі және беймезгіл уақытта балалардың көшеге шықпауын қадағалау ата аналарға жүктелсін және учаскелік полициямен бірлескен кешкілік рейдте қадағалансын.
5. Оқушылар тәртібін қадағалау сынып жетекшілерімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Шегенбаев пен Р.Айтоваға жүктелсін.
6. Құқықбұзушылықтың алдын –алу жоспарының жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

Қ.Рысбаев

М.Абдраманова

Хаттама № 2

«Майдантал» жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылы 08 қараша күні сағ 11:00 де «**Жастайынан берілген тәрбиенің жемісі болары анық**» тақырыбында ата аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, түнде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Қатысушылар : Сауран ауданы ІІБ учаскелік инспектор Әшімбеков Д, Майдантал ауылдық округі әкімшілігі қызметкері А.Саргелтаев, Әжелер кеңесінің төрайымы Мыңбаева О, Ата аналар комитетінің төрағасы Әйтпенбетов Т Мектеп директоры Рысбаев Қ, ДТІЖО Шегенбаев С, Р.Айтова, Педагог психолог Нүрпейіс Р, сынып жетекшілер және ата-аналары. **Барлығы - 106**

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. **Жасөспірімдердің өзіне өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу.**
2. **Оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы.**
3. **Жұқпалы аурулардың алдын-алу.**
4. **I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі**

Барысы: Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырудан бастады. Сауран ауданы прокурорының орынбасары Н.Оңғарбаевтың № 2-12-23-01274 26.09.2023ж хатына сәйкес жана оқу жылы басталғанына аз уақыттың өтуіне қарамастан кәмелетке толмағандардың қатысуымен орын алып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар тұрақты өсуде. Қылмыстардың өсу факторларын профилактикалық іс-шаралардың нәтижесіздігі мен ата-аналардың, жауапты тұлғалардың тарапынан балаларға тиісті бақылаудың болмау себептері. Бүгінгі кездесу қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәлім тәрбие беруге арналған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, тонау фактілерін айтпағанда, тек педофилизм бойынша (ұятсыздық, зорлық-зомбылық) жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың орын алып жатқаны ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді. Бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Қ.Рысбаевқасөз берілді. Ата-аналардың, оқушылардың міндеттерін түсіндіріп, баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сабақтан тыс уақытта жауапкершілік ата-ананың мойнында екенін айтып өтті. Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын-алу барысында біршама жұмыстардың атқарылып жатқаны белгілі, әлі де алдын-алу жұмыстары жүргізіле береді. Оқушылардың мектептегі басты мақсаты тәрбие мен білім алу, сабақтан тыс уақытта барлық жауапкершілік ата-анаға құзыретінде. Алайда ата анамен тығыз байланыста болу сынып жетекшінің міндеті, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері

оқушыларға түнде көшеде жүрмеуін, ата ана қатысуынсыз таулы аймақтарға, суға шомылуға бармауын үнемі ескертіп , түсіндіріп, түсінгендігі туралы қол қойдырып отырады. Елімізде дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар . Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету , іздену жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп , бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болу керек. Тәрбие мәселесі қай кездеде оңай болмағанын ойласақ , қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет- деп атап өте отырып , ата анасын алдап мектепке кеттім деп, қылмыс жасау ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден аулақ болуын , мұндай әрекетке барғанда жауапкершілікке тартылатынын ескертті. Тек тәртіп пен білім алуға ұмтылу керек. Педагог-психолог Р.Нүрпейіс, З.Шораева құқықбұзушылықтың алдын алу , бала тәрбиесі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп , ата-аналар оқушыларға тренинг өткізді. Кітапханашы М.Мұхтарбеков Оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы баяндады. Мектеп медбикесі жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша бейне ролик көрсету арқылы түсіндіру, алдын алу жұмыстарын жүргізді.

I тоқсан қорытындысы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Смағұлов талдау жасады.

Жарыс сөзге шыққан әжелер кеңесінің төрайымы О.Мыңбаева жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ата-аналар балаларына көбірек түсіндіру керектігін, жастар арасындағы құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін мектеп пен тығыз байланыста жұмыс жасау керектігін және ата-аналар жиналысына түгел қатысып, бала тәрбиесінде жауапкершілік болу керек екендігін айтты.

Қорытынды сөзді мектеп директоры Қ.Рысбаев алып , оқушыларға көшеде сақ болуды, жол ережесін қатаң сақтау , көшеде бей уақытта жүрмеуін, демалыс кезінде ата ананың , мұғалімнің қадағалауынсыз серуенге шығуға болмайтынын айта келе мектеп ережесін сақтап тәртіпке бағыну керектігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жасөспірімдердің өзіне өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу бойынша жасалған баяндама қанағаттанарлық деп табылып, алдын алу жұмысы жандандырылсын.
2. Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау М.Мұхтарбековке жүктелсін
3. Жұқпалы аурулардың алдын-алу бойынша жұмыстар үнемі қадағалансын.
4. I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп табылсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

Қ.Рысбаев

М.Абдраманова

Хаттама № 3

«Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылы 20 қаңтар күні сағ 11:00 де «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыбында жалпы ата аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Мектеп-ата ана қарым қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының өзара толықтай іс-қимылын қамтамасыз ету. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, түнде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Қатысушылар : Ата аналар комитеті мүшелері ,Майдантал ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Б.Ахатов , Аналар алқасының төрайымы О.Әшірбекова , Майдантал ауылдық округі әкімі аппаратының инспекторы Ә.Шаригатулла ,Мектеп директоры Қ.Рысбаев, ДТЖО Шегенбаев С , Педагог ұйымдастырушы Т.Абдраманов және ата аналар **Барлығы - 98**

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг
2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу.
3. Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларға білім қорынан көмек көрсету туралы.
4. ҰБТ,ОЖСБ –ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі.

Барысы: Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев оқушыларға қатысушы қонақтарды таныстырудан бастады .Сауран ауданы әкімінің тапсырмасына сәйкес ақсақалдар алқасы әрбір ауылға барып мектеп оқушыларымен кездесу өткізу жоспарлаған. Бүгінгі кездесу қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашакорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәлім тәрбие беруге арналған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, тонау фактілерін айтпағанда, тек педафиллизм бойынша (ұятсыздық, зорлық-зомбылық) жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың орын алып жатқаны ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді.

1.Мектептің педагог психологы З.Шораева «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тренинг өткізді.

II. Екінші мәселе бойынша Майдантал ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Б.Ахатов сөз алып, аудан әкімі әрбір ауылда жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық орын алуда, осыған байланысты құқықбұзушылықтың алдын-алуда оқушылармен кездесу өткізіп жұмыс жүргізуді тапсырды. Қазіргі кезде жасөспірімдерге барлық жағдай жасалуда, білім аламын деген балаға мүмкіндік бар. Осы бар мүмкіндіктерді пайдалану керек. Аудан жиналыстарында түрлі оқыс оқиғалар болып жатқанын естіп жатамыз. Біздің ауылда ондай оқиға болып жатқан жоқ, десекте алдын-алу керек.Ауылға жайлы мектеп салу жоспарланып отыр, спорт комплекс салуды ұсынып отырмыз, осының барлығы ауыл жастары үшін. Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашакорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын-алу барысында біршама жұмыстардың атқарылып жатқаны белгілі, әлі де алдын-алу жұмыстары жүргізіле береді. Оқушылардың мектептегі басты мақсаты тәрбие мен білім алу, сабақтан тыс уақытта барлық жауапкершілік ата-анаға құзыретінде. Бітіруші

II сыныптарға алдағы ҰБТ жақсы балл жинап , өздерінің таңдаған мамандықтардың иесі болуға тілектеспін. Ауылымыздың дамуына үлес қосатын азамат болыңдар.

Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларға білім қорынан көмек көрсетіп қыстық киім кешектер берілгендігі және бір мезгілде ыстық тамақпен қамтылуы туралы айтты.

II. Аналар алқасының төрайымы О.Әшірбекова Елімізде дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар . Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету , іздену жанашыл үрдістерге көңіл бөліп , бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болу керек. Тәрбие мәселесі қай кезде де оңай болмағанын ойласақ , қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет.

III. Майдантал ауылдық округ әкімі аппаратының инспекторы Ә.Шаригатулла жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ата-аналар балаларына көбірек түсіндіру керектігін, жастар арасындағы құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін мектеп пен тығыз байланыста жұмыс жасау керектігін және ата-аналар жиналысына түгел қатысып, бала тәрбиесінде жауапкершілік болу керек екендігін айтты. Еліміздің болашағы жастардың қолында.

Қорытынды сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев алып , оқушыларға көшеде сақ болуды, жол ережесін қатаң сақтау , көшеде бей уақытта жүрмеуін, демалыс кезінде ата-ананың , мұғалімнің қадағалауынсыз қалудың болмайтынын айта келе мектеп ережесін сақтап тәртіпке бағыну керектігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыбындағы тренинг қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізілсін.
3. ҰБТ,ОЖСБ –ға дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмек беруі қадағалансын.
4. II тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі үнемі бақылауға алынсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

Қ.Рысбаев

М.Абдраманова

Хаттама № 4

«Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылы 24 мамыр күні сағ 11:00 де «Баланың бас ұстазы-ата ана» тақырыбында жалпы ата аналар жиналысы болып өтті.

Жиналыстың мақсаты: Оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есеп беру, Мектеп-ата ана қарым қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының өзара толықтай іс-қимылын қамтамасыз ету. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, түнде беймезгіл уақытта көшеде жүрмеу, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Қатысушылар : Майдантал ауылдық округі әкімшілігі қызметкері Саргелтаев А, Әжелер кеңесінің төрайымы Мыңбаева О, Ата аналар комитетінің төрағасы Әйтпенбетов Т Мектеп директоры Рысбаев Қ, ДТІЖО Шегенбаев С, Р.Айтова, Педагог психолог Нүрпейіс Р, сынып жетекшілер. Ата-ана - 83, **Барлығы - 107**

Күн тәртібіндегі мәселе:

6. Ата аналар комитетінің жылдық жұмыстарын қорытындылау .
7. Оқушылардың жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру.
8. Мектеп бітірушілердің ҰБТ –ға дайындығы
9. 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға есеп
10. Кезектегі мәселелер

Барысы: Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Шегенбаев оқушыларға қатысушы қонақтарды таныстырудан бастады Ата аналар комитетінің төрағасы Т.Әйтпенбетов 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстармен таныстырып өтті. Ата аналар тарапынан болған қолдаулар, түрлі сайыстарға атсалысқан ата аналарды атап өтті. Қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық тәлім тәрбие беруге арналған. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді.

Бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Қ.Рысбаевқасөз берілді. Жасөспірімдер мен балалар арасында қоғамдық тәртіпті бұзушылықты болдырмау, нашақорлық, есірткінің, темекі шегудің және зорлық-зомбылықтың алдын-алу барысында біршама жұмыстардың атқарылып жатқаны белгілі, әлі де алдын-алу жұмыстары жүргізіле береді. Оқушылардың мектептегі басты мақсаты тәрбие мен білім алу, сабақтан тыс уақытта барлық жауапкершілік ата-анаға құзыретінде. Алайда ата анамен тығыз байланыста болу ғынып жетекшінің міндеті, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері оқушыларға түнде көшеде жүрмеуін, ата ана қатысуынсыз таулы аймақтарға, суға шомылуға бармауын үнемі ескертіп, түсіндіріп, түсінгендігі туралы қол қойдырып отырады. Елімізде дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке тұлғасын дамыту

бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болу керек. Тәрбие мәселесі қай кезде оңай болмағанын ойласақ, қазіргі кезде бұған екі, үш есе жауапкершілік қажет- деп атап өте отырып, ата анасын алдап мектепке кеттім деп, қылмыс жасау ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді.

Жарыс сөзге шыққан әжелер кеңесінің төрайымы О.Мынбаева жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша ата-аналар балаларына көбірек түсіндіру керектігін, жастар арасындағы құқықбұзушылыққа жол бермеу үшін мектеп пен тығыз байланыста жұмыс жасау керектігін және ата-аналар жиналысына түгел қатысып, бала тәрбиесінде жауапкершілік болу керек екендігін айтты.

ДТГЖО С.Шегенбаев 2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша Сауран ауданы ҚІПБ ЖПҚ бөлімімен біріккен жоспар бойынша кездесулер рейд жұмыстары жүргізілді. Діни экстремизм терроризмге қарсы заңнамалардың жүзеге асырылуы барысында дінтанушы мамандармен кездесулер өтті. Мектеп оқушылары арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау мақсатында бірінғай мектеп формасының киілуі қадағаланды. Ұлдар және қыздарға зиянды әдеттерден аулақ болу мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру барысында мектеп жанынан тамақсыз 1-4 сыныптар арасында 3 топ 60 оқушыны қамтуды жоспарлап отырмыз. Қала сыртындағы демалыс сауықтыру лагеріне 10 оқушыға сұраныс берілді. Қорытынды сөзді мектеп директоры Қ.Рысбаев алып, жазғы демалыс уақытында оқушыларға сақ болуды, жол ережесін қатаң сақтау, көшеде бей уақытта жүрмеуін, демалыс кезінде ата ананың қадағалауынсыз серуенге, суға түсуге болмайтынын айта келе мектеп ережесін сақтап тәртіпке бағыну керектігін айтты.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.Смағұлов Мектеп бітірушілердің ҰБТ –ға дайындығы туралы баяндады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Ата аналар комитеті құрамының 2022-2023 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың тәртібін қадағалау, балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік жасау ата-аналарға ұсынылсын
3. Түнгі және беймезгіл уақытта балалардың көшеге шықпауын қадағалау ата аналарға жүктелсін және учаскелік полициямен бірлескен кешкілік рейдте қадағалансын.
4. Жазғы сауықтыру демалыс лагерін ұйымдастыру және өтілуіне жауапкершілік сынып жетекшілерімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Шегенбаев пен Р.Айтоваға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы

Хатшы



Қ.Рысбаев

М.Абдраманова

Ата-ананың мектепті дамытудағы рөлі.

Қазіргі қоғам үшін тәрбие мәселесі өмір мен өлім мәселесімен тең, өйткені болашағымыздың қандай болмағы соған байланысты.

Э.Ренан.

Тәрбие—бұл мақсаттандарылған және саналы түрде тұлғаны қалыптастыру іс-әрекетін ұйымдастыратын педагогикалық үрдіс. Мұндағы тұлғаны қалыптастыру дегеніміз: біліммен, тәжірибелік іскерлік - дағдылармен, шығармашылық іс-әрекет әдістерімен әлеу-меттік және рухани қарым-қатынастармен қаруланған тұлға ғана кез келген қоғамда өз орнын таба алады деген сөз.

Бүгінгі таңда білім нәрімен сусындатып, жан-жақты тәрбиеленген жеке тұлға тәрбиелеуде ұстаздар қауымы мен ата-аналардың рөлі зор. Осы тәрбие үрдісінен шығуда мектеп жұмысы мен ата-аналар тығыз байланыста жұмыс істейді.

Педагогтар қашанда бірінші орынға АДАМ мен АЗАМАТ , өз Отаны-ның ПАТРИОТЫН тәрбиелеуді қойған.Бүгінгі күннің білім мен тәрбие идеалы – адамның өзін-өзі бейімдеу мен өзі-өзінің білімін жетілдіру қа-білетін барынша дамыту.

Бұл инновациялық білім беруде ең негізгі мәселе. Осыдан келіп тәрбие мақсаты туындайды: барлық сыныптан тыс жұмыстар тұлғаның қызығушылығын , оның ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкін-діктерін зерттей отырып, қанағаттандыруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап 2 тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» делінсе, Қазақстан – 2030 бағдарламасында «әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немелерінің алдарындағы жауапкер-шілігін күнделікті есте сақтауға тиіспіз. Біз алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді» делінген.

Бірақ педагогтерге, мұғалімдерге, тәрбиешілерге оқулық, әдістемелік ретінде жазылған еңбектерден басқа, тікелей ата-аналардың пайдалануы үшін, жүйеге түскен, ғылыми педагогикалық, құқықтық, құқықтық жағынан негізделген, қолға ұстар тетік: бағдарлама, әдістеме, оқулық жоқ. Барлық ата – аналар осы кезге дейін отбасы тәрбиесі үшін бірлі-жарым өз әке-шешелерінен үйренгендерін, педагог-ұстаздардың ұсыныстары мен ақыл-кенестерін ғана пайдаланып (пайдаланғысы келгендері ғана, себебі, пайда-лану құқықтық міндеттілікке айналдырылмаған ғой) келеді. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халықпен бірге жасап келе жатқан халық педагогикасының ұлағаттарын кәдеге жарату үшін, сол ұлағаттарды тәрбиеде педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып, іске асыраудың шарттары белгі-ленуі керектігі туралы мәселені негізге ала отырып, отбасында ата- ананың балаға тәрбиелік ықпалын жасай алауы үшін, алдын ала ойластырылған шарттар белгілеп, осы шарттар негізінде, ата-аналарға өз балаларына ықпал ету тетіктерін ұстату керектігі толғағы жеткен мәселе деп ойлаймын. Себебі М.Жұмабаев «Жалпы педагогика» деген еңбегінде: «Адам баласының тәр-биеге мұқтаж екендігін, бірақ балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата-ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсе оқып білмей-ақ өз беті-мен бере ала ма?» (М.Жұмабаев, 3 том, Алматы, «Жазушы» 2005, 99-б) деген ғой. Олай болса: «Бала тәрбие қылғанда әрбір

Бала тәрбиесі-ортақ міндет.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеніне байланысты Елбасының «2030 жылғы жолдауындағы» [1], мақсаттар мен мұраттар мүлтіксіз жүзеге асырылса, ұрпақ тәрбиесіндегі істерде де үлкен бетбұрыстар болары сөзсіз. Ұрпақ қамы ертеңгі ел қамы. ХХІ ғасырда өмір сүріп еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап уақыт талабынан өткен бай қазынасын отбасы тәрбиесінде қолдану – кезек күттірмейтін мәселе екені даусыз. Отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде ХVII-ХVIII ғасырларда өмір сүрген батыстың, орыстың педагог ғалымдары жақсы ой-пікірлер айтқан болатын. Я.А.Коменский «Ағайынды чехтарды» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берсе, ал Швейцарияның кемеңгер педагогы И.Г.Песталоцци тәрбиені ана тілінде оқытатын халықтық мектептердің бай тәжірибесіне негіздей отырып жүргізуді мақұлдады. Ол адамның ақыл-ойының қалыптасуы, дұрыс дамуы ұлт тіліндегі оқудың мазмұны мен оқыту әдісін дұрыс ұйымдастыруға байланысты деп ерекше атап көрсетті.

И.Г.Песталоцци: «Бала тәрбиесі, оның дүниеге келген күнінен басталуы керек. Баланың дүниені түсінуі отбасында басталып, мектепте әрі қарай жалғастырылуы шарт» - деген қағиданы ұсынды. Француздың ұлы ағартушысы Ж.Ж.Руссо бала тәрбиесінің көзі еңбекте, сондықтан баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді отбасында еңбекке үйретуден бастау керек деп қараса, әйгілі орыс педагогы К.Д.Ушинский бала тәрбиесіне тоқтала келе, мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің негізгі ортасы – отбасы. Бала отбасында қарапайым білім, іскерлік, дағдыларды меңгеріп, ата-анасынан тәртіп, мінез-құлық ережелерін үйренеді деп көрсетті. Сонымен бірге, қазақ халқында отбасы тәрбиесіне, ұрпағының жан-жақты болып өсуіне айрықша мен берілген. Баланы қайратты, қайырымды, ақылды, өнерлі, әділ адам етіп тәрбиелеу - әр уақытта қазақ отбасындағы басты мәселенің бірі болған. Қазақ отбасындағы ата-ана мен баланың кісілік қарым - қатынасы, эмоцияналды сезімдері – олардың жаны мен қанының табиғи бірлігі негізіндегі жақындық арқылы орындалған. Қазіргі уақытта баланы заман талабына сай жеке тұлға етіп қалыптасыру қазақ отбасындағы барлық ата-аналар үшін көптеген қиындықтар туғызуда. Бұрын бәрімізге белгілі халқымыздың аса күшті қасиеті балажандылығы деп саналған. Тіпті қазақ әйелі әулиеге түнеп перзенті үшін өмір сүретін. Ал, қазір қазақ әйелдері арасында балаға деген сүйіспеншілік күрт бәсеңдеп кеткен сияқты.

Отандық ғалым Қ.Жарықбаев өзінің «Ұлттық психологияны оқыту – ұлтшылдық емес» - атты мақаласында Қазақстандағы тастанды балалардың 90% қазақ балалары екенін айтады (2000)[2]. Осылардың бірден-бір себебін қазіргі шаңырақ көтерген жастардың бала тәрбиесіне толық даяр еместігі немесе ата-ананың тәрбиедегі «қараңғылығы» салдарымен түсіндіруге болатын шығар. Өмірге келген нәрестеге ананың адал махаббаты мен

Еңбек пен тәрбиелеу

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі»

(Ыбырай Алтынсарин)

Балаға берілетін адамгершілік тәрбие дегеніміз не? Оны қашан, қай уақытта бастауға болады? Ол не үшін қажет? – осындай сұрақтар жалпы білім беретін мектептің алдына қойылатын мәселелі сұрақ болып отыр. Мектеп бітіруші әрбір оқушыға мектептік кезеңде сәйкес және жеткілікті түрде адамгершілік білім берілуі керек, яғни бала адамгершілік білімінің бастауларымен үздіксіз әрі жүйелі түрде сусындауы қажет.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері - оқушылардың белсенділік өміршілдік, саналылық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларға жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы, дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан - жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі мақсатқа, бағытқа жетелеу іс - әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Рухани - адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата - аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым - қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр